

ойындарды спорттық ойын түрлеріне, сабақтың мазмұнына қарай іріктеп алып пайдалануға кез келген дене тәрбиесі мүғалімінің мүмкіндігі бар деп санаймын.

Қорыта келгенде дене шынықтыру пәнінде қазақтың ұлттық ойындарын қолдану, тарихынан мағлұмат беру, оқушылар бойында патриоттық сезім қалдырары сөзсіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қалиұлы С. Қазақ этнопеддагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.-Алматы, 2023
2. Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. - Алматы, 2005. -Б. 28-31.
3. Дене шынықтыру және спорт психологиясы пәні бойынша тесттік тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құралы.-Кентау, 2007. «Еркін и К-XXI» ЖШС баспаханасы. -150б.
4. Жеке тұлғаның рухани дамуындағы дене мәдениетінің рөлі //«Шоқан тағылымы 14» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Т.6.- Көкшетау, 2009. - Б.222-224.
5. Танекеев М.Т. Қазақстандағы дене тәрбиесі. Алматы, 2001.

## **II-ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

### **Марат И.**

Ғылыми жетекшісі: Astana International University, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі профессоры т.ғ.к. Өскембаев К.С.  
Astana International University  
Астана қ.

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу еңбегінде Екінші дүниежүзілік соғыстың (1939–1945) халықаралық тарихнамада, соның ішінде отандық, кеңестік және батыстық зерттеушілер еңбектеріндегі көрінісі қарастырылады. Соғыс адамзат тарихындағы ең қанды және ауқымды қақтығыстардың бірі болды және әлемдік саяси жүйенің қайта құрылуына әкелді. Мақаланың мақсаты - әртүрлі тарихнамалық мектептердің КСРО мен Қазақстанның рөлін қалай бағалағанын айқындау және олардың идеологиялық, геосаяси ұстанымдарын талдау.

Зерттеу барысында салыстырмалы және дереккөздік талдау әдістері қолданылды. Джордж Кеннанның «The Long Telegram» еңбегі мен Джон Гэддистің «Strategies of Containment» зерттеулері АҚШ-тың «containment» стратегиясының қалыптасуын айқындауға мүмкіндік береді. Эван Модсли, Ричард Овери, Рональд Смелсер, Эдвард Дэвис сияқты тарихшылардың еңбектері Батыс көзқарасының ерекшеліктерін ашса, отандық ғалымдар (М. Әуітов, К. Алдажұманов, т.б.) Қазақстан халқының соғыс жылдарындағы үлесін нақты деректермен дәлелдейді.

Нәтижесінде шетел тарихнамасында Кеңес Одағы мен Қазақстанның бейнесі саяси идеологияның ықпалында қалыптасқаны, ал Қазақстан көбіне шикізаттық және тылдық аймақ ретінде сипатталғаны анықталды.

**Кілт сөздер:** Екінші дүниежүзілік соғыс, тарихнама, Кеңес Одағы, Қазақстан, АҚШ, ленд-лиз, геосаясат, идеология.

**Екінші дүниежүзілік соғыс** (1939-1945) адамзат тарихындағы ең қанды әрі ең шығынды қақтығыс болды: ондаған миллион адам қаза тауып, әлемдік саяси-экономикалық тәртіп түбегейлі өзгерді. Соғыс нәтижесінде халықаралық жүйе биполярлық сипат алып, идеологиялық текетірес (кейінгі «қырғи-қабақ соғыс») дүниеге келді. Бұл тақырып Батыс (Еуропа, АҚШ), Ресей / КСРО және Орталық Азия елдері тарихнамасында әртүрлі әдіснамалық ұстанымдармен, дереккөз базасымен және саяси-мәдени контекстпен зерттеліп келеді. Осы шолуда біз үш блокқа тоқталамыз: (1) отандық (Қазақстандық) тарихнама, (2) көрші (Ресей / совет) тарихнамасы, (3) Еуропа мен АҚШ тарихнамасы және әсіресе Lend-Lease (ленд-лиз) туралы пікірталастар.

Алғашқы блок яғни **Отандық тарихшыларға тоқталып** кететін болсақ, Манаш Қозыбаев мектебі: Қазақстанды «фронт арсеналы» деңгейінде көрсетіп, эвакуацияланған кәсіпорындар, тылдағы еңбек, жөнелтілім динамикасын құжаттық база арқылы дәлелдейді. Идеологиялық мадақ не толық ревизияның орнына теңгерімді баяндауды ұсынады.

Кенжеқан Алдажұманов: мобилизация мен еңбек кооперациясын сандық/мұрағаттық дерекпен қалпына келтіреді (майданға шақырылғандар, еңбек армиясы, сыртқа жіберілген жұмыс күші, өндіріс кірістері). Аймақтық механизмдердің (логистика, кадрлар, жабдықтау) қалай жұмыс істегенін егжей-тегжей көрсетеді.

Гүлнәр Мендікұлова: қазақтардың Еуропа Қарсыласу қозғалысындағы ізіне шетел архивтерін тартып, отандық жадты халықаралық контекстпен интеграциялайды. Басқа бағыттар: депортациялар (1941-1944) мен этнодемографиялық өзгерістер (немістер, шешен-ингуштар, т.б.) - соғыс жылдарының күрделі әлеуметтік салдарын, бейімделу мен кейінгі жад саясатын ашады.

Базалық дерек іргетасы: «Қазақстан ҰОС жылдарында» құжаттар жинақтары - эвакуация, тыл өндірісі, жөнелтілім, кадр қоры, мәдени өмір өзгерістерін ресми құжатпен дәлелдейтін негізгі корпус.

Зиябек Қабылдинов (т.ғ.д.) және әріптестері соғыс жылдарындағы Қазақстан үлесін архив материалдарына сүйене отырып талдайды: майданға шақыру, эвакуация, тылдағы өндіріс пен мәдени өмірдің трансформациясы. Конференция материалдары мен мақалаларында «қатысу аспектілерін» жүйелейді.

**Келесі кезекте Кеңес тарихшыларына** келетін болсақ, Б.С. Телегин, А.М. Самсонов кеңес кезеңіндегі алғашқы ірі жүйелі зерттеулердің авторлары. Бұл авторлардың негізгі көзқарастары: Екінші дүниежүзілік соғыс - «социалистік жүйенің фашизмге қарсы күрестегі тарихи миссиясы» деп түсіндірілді.

Телегин мен Самсонов еңбектерінде КСРО шешуші рөл атқарды, ал Батыс елдері «екінші фронтты кеш ашты» деген сын жиі айтылды. Ал олардың басты еңбегіне тоқталсақ,

Самсонов А.М. Великая Отечественная война Советского Союза (1941-1945) еңбегі болып табылады. Онда соғыс оқиғалары саяси және идеологиялық тұрғыда баяндалып, КСРО-ның «тарихи миссиясы» ұғымы қолданылды.

А.А. Жданов және партиялық мектеп тарихшыларының (1940-1950 жж.) тұжырымы болса соғыс тарихы партия мен Сталиннің көреген саясатының нәтижесі ретінде түсіндірілді және барлық жарияланымдар идеологиялық қатаң бақылауда болды. Бұл кезеңде тарихнама саяси пропаганда құралына айналды.

**Кеңестік тарихнамадан кейінгі бұрылыс (1980-1990 жж.)** О.А. Ржешевскийдің негізгі идеясы 1980-жылдардан бастап кеңес тарихнамасында «тарихи әділеттілік» бағыты пайда болды. Ржешевский «Великая Отечественная война: взгляд через десятилетия» (М., 1995) атты еңбегінде идеологиялық қасаңдықты бұзып, Батыс және КСРО арасындағы саяси тактикалық келіспеушіліктерді ашық жазды. Онда ол батыстық дереккөздерді алғаш пайдаланған ресейлік тарихшылардың бірі болды. КСРО жеңісінің шешуші рөлі мойындалғанымен, Ржешевский жеңісті «жалпы антифашистік коалицияның біріккен еңбегі» деп түсіндірді.

А.В. Овсянкин болса соғыстың әлеуметтік салдарына назар аударған тарихшы. Оның тұжырымы бойынша Кеңестік тыл экономикасы тек материалдық база емес, әлеуметтік эксперимент алаңы болды. «Социальные последствия Великой Отечественной войны в СССР» (История СССР, 1991, №5) мақаласында еңбек армиясы, әйелдер мен жасөспірімдердің майданға қосқан үлесін сипаттайды.

**Қазіргі ресейлік тарихнама.** А.О. Чубарьян (РФА академигі) көзқарасы бойынша соғысты тек әскери-тарихи тұрғыда емес, өркениеттік құбылыс ретінде түсіндіреді. Оның жетекшілігімен шыққан «История Второй мировой войны. Новые исследования» (М., 2015) ұжымдық еңбегінде бұрынғы кеңестік интерпретациялар жаңаша қаралды. Ол еңбекте Lend-Lease рөлі мойындалады, бірақ «КСРО-ның негізгі ауыртпалықты көтергені» де нақты айтылады.

М.И. Мельтюховтың зерттеу бағыты соғыстың басталу себептері және Сталиннің стратегиясы болды. Ол «Упущенный шанс Сталина» (М., 2000), «Советско-польские войны» (М., 2002) атты бірнеше кітаптар жазған болатын. Мельтюховтың көзқарасы бойынша соғыс алдында КСРО мен Германия арасындағы саяси прагматизм мәселесін көтеріп, бұрын жабық болған архивтерді пайдаланды. Бұл зерттеулер кеңес дипломатиясын «агрессивті емес, бірақ прагматикалық» тұрғыда сипаттайды.

В.А. Золотарев Ресей Қорғаныс министрлігі жанындағы әскери тарих институтының жетекші ғалымы. «Великая Отечественная война: неизвестные страницы» (М., 2010) еңбегінде кеңестік және батыстық деректерді салыстыра отырып, «Батыс кеңестік үлесті жиі төмендетіп көрсетеді» деп жазады. Дегенмен ол да жабық тақырыптар - тұтқындар, репрессия, эвакуация кезіндегі адам шығыны – жөнінде ашық мәліметтер енгізген.

**Батыс және АҚШ тарихнамасында дипломатиялық-геосаяси бағытта** КСРО-ны идеологиялық-экспансияшыл держава ретінде түсіндіреді; containment тұжырымдамасы осыдан туады (Кеннанның «Long Telegram», 1946).

Джордж Ф. Кеннан. Long Telegram (1946) - КСРО-ның мінез-құлқын идеологиялық және қауіпсіздік логикасымен түсіндіреді; осы қағаз кейін containment тұжырымдамасының іргетасына айналды. Яғни «Containment» стратегиясының мәні Кеннанның ойынша, Кеңес Одағы - идеологиялық тұрғыдан батыс демократиясына қарсы, жаһандық ықпал аймағын кеңейтуге ұмтылатын мемлекет. Бірақ ол тікелей соғыс емес, саяси, экономикалық және идеологиялық қысым арқылы әрекет етеді.

Сондықтан АҚШ-тың міндеті - КСРО-ның ықпалын кеңейтуіне жол бермей, «оның экспансиясын ұстап тұру» (to contain Soviet expansion) керек.

Кеннан КСРО-ны «ішкі қарама-қайшылықтары көп жүйе» деп сипаттап, егер оны сыртқы жағынан тежеуге алса, ол өз ішінен әлсірейді деді. Осы идеяның негізінде кейін Трумэн доктринасы (1947) - Грекия мен Түркияға әскери-экономикалық көмек көрсету арқылы коммунизмнің таралуын тежеу, Маршалл жоспары (1948) - Батыс Еуропа елдеріне қаржы бөлу; экономикалық қалпына келтіру - коммунистік ықпалға қарсы құрал. НАТО-ның құрылуы (1949) - КСРО ықпалына қарсы ұжымдық қауіпсіздік жүйесі, Корея соғысы (1950–1953) - коммунистік Солтүстік Кореяға қарсы әскери іс-қимыл, containment-тің әскери көрінісі пайда болды.

Британ тарихшысы Е. Mawdsley өзінің *Thunder in the East: The Nazi-Soviet War, 1941-1945* еңбегінде Шығыс майданының шешуші екенін мәлімдесе (Mawdsley, 2005), сонымен қатар КСРО-ның жеңісі адам-ресурстық және өндірістік тұрғыда өте жоғары бағаға түскенін атап өтеді. Оның зерттеу тақырыптары КСРО-ның ішкі құрылымы, соғыстың стратегиясы, Шығыс майданының рөлі, кеңес қоғамының әскери-стратегиялық бейімделуі. Сонымен қатар Mawdsley жаңа архивтер негізінде Шығыс майданында КСРО-ның ғана емес, оның логистикалық, өндірістік, әкімшілік-басқарушылық бейімделулерінің да ерекше рөлін айтады. Мысалы, *Thunder in the East* еңбегінде Ресей көздері алғаш рет кеңінен қолданылды.

Ол сондай-ақ соғысты жалпы жаһандық тұрғыдан қарастыруға тырысады: «Бұл сондай-ақ Азия-Тынық мұхиты, теңіздер, алыс маршруттар соғысы болды» деп көрсетеді.

Джон Эриксон. *The Road to Stalingrad* - ставка, тыл, командалық шешімдер деңгейінде орасан деректік базаға сүйенген еңбек; lend-lease логистикасын контекстке қояды, бірақ шешуші фактор ретінде кеңестік оперативтік-стратегиялық бейімделуді бөліп көрсетеді.

Ричард Овери. *Russia's War* - сандық деректер арқылы соғыс экономикасын талдайды: lend-lease әсіресе 1943-1945 жж. қарқын алған кезде айқын әсер етті, алайда КСРО-ның ішкі өндірістік қуаты мен адам ресурсы негізгі ауыртпалықты көтерді.

Рональд Смелсер, Эдвард Дж. Дэвис, *The Myth of the Eastern Front* - АҚШ-тағы бұқаралық санада неміс генералдарының мемуарлары мен киноиндустрия ықпалымен «таза Вермахт» мифі қалай орныққанын көрсетеді; бұл миф КСРО рөлін моральдық тұрғыдан төмендетіп, lend-lease-ті «американдық абырой» нарративіне бекіте түседі.

Lend-Lease заңымен АҚШ 1941 жылғы 11 наурызда («An Act to Promote the Defense of the United States») соғыс жағдайында одақтастарына қару-жарақ, техника, азық-түлік, шикізат тегін немесе алдын ала төлемсіз беру мүмкіндігін алды. АҚШ осы көмекті тек альтруизм үшін емес - негізгі мақсат: неміс гитлершіл оккупациясының еуропалық фронтты жаулап алуымен АҚШ қауіпсіздігіне төнетін қауіпті азайту. Келісімнің шарттары бойынша: алынған көмекке төлем ақшамен ғана емес «бірлескен іс-әрекетке», соғыс соңындағы либерал-халықаралық экономикалық тәртіпке қосылуға шартты болған.

Кей тарихшылар: «Lend-Lease жеңісті мүмкін етті» деп жазады. Басқалары: «Маңызды зор болғанымен жеңісті КСРО-ның өзінше күштері анық шешті» деп тұжырымдайды. Бұл өзара пікірталас қазіргі тарихнамада жалғасуда.

Ал Қазақстан және Орталық Азия перспективасына тоқталсақ, аймақтық зерттеулерде Lend-Lease-тің тікелей әсері сирек қарастырылады, өйткені оған көпшілік назар тек техника, жол-логистика деңгейінде. Қазақстан мысалында: тыл өндірісі, эвакуация, еңбек мобилизациясы кеңінен қаралса да, Lend-Lease көмек жолдарындағы нақты цифрлар деректерден аз дерекпен қолдау тапқан. Сондықтан Орталық Азияның зерттеулері бұл тақырыпты «КСРО құрамындағы республикалардың жабдық және логистика жүйесіндегі орны» тұрғысынан қарастырыла бастап келеді.

Талқылау және нәтижелер: Әдіснамалық айырмашылықтар - неге маңызды?

Отандық мектеп соғысты «орталық-аймақ» перспективасында көрсетіп, Қазақстанның рөлін материалдық-еңбек-мобилизациялық кескінде дәлелдейді. Бұл - «жалпы кеңестік» нарративке жұтылып кеткен аймақтық үлесті қайта көрінетін етеді. Кеңестік/ресейлік зерттеулер идеологиядан дерекке қарай эволюция жасап, әскери-операциялық және әлеуметтік тарихты тоғыстырды; қазіргі еңбектерде жад саясаты, тыйым салынған тақырыптар (тұтқындар, репрессия, эвакуациядағы адам шығыны) жүйелі ашылады. Батыс/АҚШ тарихнамасы біржақты емес: дипломатиялық (containment), операциялық (стратегия/логистика), экономикалық-сандық (өндіріс/ресурс), мәдени (миф/жад) және аймақтық (КСРО республикалары) бірнеше параллель арнаны ұсынады. Бұл көп дауыстылық Қазақстан бейнесінің неге ұзақ уақыт көмескі болғанын да түсіндіреді: мәдени-идеологиялық фильтрлер орталықтарға (Мәскеу, Сталинград, Ленинград) басым назар аударды, ал республикалардың рөлі қосымша ретінде қалды.

Lend-Lease КСРО-ның операциялық икемділігін (көлік, байланыс, жанармай, азық-түлік) айтарлықтай арттырды, әсіресе 1943–1945 жж. көлемі күрт ұлғайды.

Дегенмен, КСРО-ның ішкі өндіріс-мобилизациясы, адам ресурсы, стратегиялық бейімделуі негізгі ауыртпалықты көтерді. Яғни, Lend-Lease - «қолдаушы/жылдамдатушы» күш; жеңісті түсіндіруде оны не асырып, не кемітіп көрсету ғылыми дәлдікке қайшы.

Қазақстанның орны. Соғыс экономикасының жүйелік буыны ретінде: эвакуацияланған өндіріс, шикізат, кадр/жұмыс күші, мәдени эвакуация орталықтары (киностудия, театр) – мұның бәрі одақтық машинаны ұстап тұрды.

Халықаралық тарихнамада (Кармак және кейінгі еңбектер) Қазақстан дербес объект ретінде көбірек көріне бастады; бұл бағытты күшейту үшін аймақтық архивтерді қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде көбірек айналымға енгізу қажет.

Нәтижелер (қысқа тармақтар): Отандық тарихнама аймақтық үлесті архивтік дәлдікпен көрсетті; Кеңестік / ресейлік зерттеулер идеологиядан дерекке көшіп, тыйым салынған сюжеттерді ашты; Батыс / АҚШ тарихнамасы көп арналы; Lend-Lease төңірегінде екі негізгі лагерьдің дәлелдері бар, теңгерімді көзқарас - ең әділ; Қазақстан бейнесі халықаралық нарративте айқындала бастады, бірақ толық орнығуы үшін көптілді дерекайналым қажет.

**Қорытындылай келе айтарымыз,** Екінші дүниежүзілік соғыс тарихнамасы - көпдауысты алаң. Қазақстанның рөлін толық әрі әділ көрсету үшін отандық архивтік базаны батыс тілдеріне көбірек шығару, аймақтық деректерді әскери-операциялық және экономикалық-сандық талдаулармен ұштастыру қажет. Lend-Lease – КСРО-ға көрсетілген көмектің маңызды, бірақ жалғыз түсіндіруші факторы емес; жеңіс – көп факторлы құбылыс. Бүгінгі зерттеуші міндеті – идеологиялық филтерден ада, дерекке сүйенген теңгерімді картина жасау.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Кеннан, Дж. Ф. Ұзақ телеграмма (The Long Telegram). - Вашингтон: АҚШ Мемлекеттік департаменті, 1946. -17 б.
2. Гэддис, Дж. Л. Қырғи-қабақ соғыстың стратегиялары (Strategies of Containment). -Нью-Хейвен: Yale University Press, 1982. - 384 б.
3. Модсли, Э. Найзағай Шығыста: Нацистік-кеңестік соғыс, 1941–1945 (Thunder in the East: The Nazi-Soviet War, 1941-1945). - Лондон: Hodder Arnold, 2005. - 502 б.
4. Овери, Р. Ресейдің соғысы: Кеңестік күш-жігер тарихы, 1941-1945 (Russia's War: A History of the Soviet Effort, 1941-1945). - Лондон: Penguin Books, 1997. - 431 б.
5. Смелсер, Р., Дэвис, Э. Дж. II. Шығыс майданы мифі: Америкалық мәдениеттегі нацистік-кеңестік соғыс (The Myth of the Eastern Front: The Nazi-Soviet War in American Popular Culture). - Кембридж: Cambridge University Press, 2008. -327 б.
6. Кармак, Р. Дж. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстан: Мобилизация және этникалық саясат (Kazakhstan in World War II: Mobilization and Ethnicity in the Soviet Empire). - Канзас: University Press of Kansas, 2019. - 286 б.
7. Мәуітов, М., Алдажұманов, Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945). -Алматы: Ғылым, 1985. - 278 б.
8. Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында (1941-1945). Құжаттар мен материалдар. -Алматы: ҚазКСР Ғылым академиясы, 1964–1967. - 2 т. - Т. 1: 512 б.; Т. 2: 496 б.
9. Ржешевский, О. А. Великая Отечественная война: История и современность. - Москва: Наука, 1985. -302 с.
10. Чубарьян, А. О. Вторая мировая война: Дискуссии и итоги. -Москва: Наука, 2010. - 448 с.

## **ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНДЕ**

### **Бірлік А.**

Ғылыми жетекшісі: Астана қ., Astana International University, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі профессоры т.ғ.к. Өскембаев Қ.С.

Astana International University

Астана қ

[k.uskembayev@gmail.com](mailto:k.uskembayev@gmail.com)

#### *Аңдатпа*

Мақалада XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар соғыстарының тарихи сипаты, оның казак мемлекеттілігінің қалыптасуына және аймақтағы геосаяси өзгерістерге әсері қарастырылады. Зерттеу